

## Ұлы Отан соғыс ардагерлерінің үйінде қонақтамыз!

2015 жылғы сәуір айында Ұлы Отан соғысының 70-жылдығын тойлау қарсаңында М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы мен Білім беру басқармасының бастамасымен «Барлығымыз біріккенде біз жалғыз емеспіз!» атты акциясы өткізілді. № 11, 21, 22, 38 жалпы білім беру мектептерінің волонтерлік жасақтары өздерінің мөлтек аудандарында тұратын ҰОС ардагерлері, тылда жұмыс істеген адамдардың үйлеріне қонаққа барды.

Ардагерлер жасұландықтардың келгеніне мәз мейрам болып, оларға көңіл бөлгендері үшін ризашылығын білдірді. Тылда жұмыс істеген, қазақ киносының ардагері Макабаева Елена Ивановна: «Олар бізді тек қана Жеңіс күні ғана еске алмайтындарына өте қуаныштымын. Әрдайым көмегін аямайтын осындай оқушылар бар екеніне ризамын. Барлықтарына бейбітшілік пен келісімде өмір сүруді тілеймін», - деп өз пікірімен бөлісті.

«Жас Ұлан» ББЖҰ белсенділеріне ҰОС ардагерлеріне және тылда жұмыс істеген адамдарға көмектесу өте ұнады. Балалар алдын-ала өз орындарында жәрменке, өлеңдер мен тақпақтар, азық-түлік қоржынын дайындады. № 22 ЖОМ волонтерлері Шайморданова Махмура Есханқызының пәтерін жинауға көмектесті. Ал № 11 ЖОМ белсенділері қазақ киносының ардагеріне шағын концерттік бағдарламасын дайындады. № 38 ЖОМ белсенділері ҰОС ардагері Попова Анна Ивановнаның ауласындағы қарды тазалап, суын кіргізіп және терезесін жуып берді.

Қазіргі таңда ардагерлердің саны азайып бара жатыр, сондықтан біз оларды бағалауымыз керек, «тірі аңыздарымен» өткізілген және істеген әрекеттері туралы өскелең ұрпаққа үлгі ретінде көрсетуіміз керек.







